

## **Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу қағидаларын бекіту туралы және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге шығыстардың тіркелген үлесін белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 шілдедегі № 623 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 585 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 тамызда № 11944 болып тіркелді.

"Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" 2015 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 2-тармағына және 18-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу қағидалары бекітілсін.

2. Азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелген үлесі ең төмен азық-түлік себеті құнының 45% мөлшерінде белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.09.2017 № 296 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.10.2017 № 354 бірлескен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

3. "Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2005 жылғы 2 желтоқсандағы № 307/1-ө және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2005 жылғы 5 желтоқсандағы № 194 бірлескен бұйрығының (нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 3980 тіркелген және 2006 жылғы 10 наурыздағы "Заң газеті" № 42-43 (1022-1023) басылымында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ.Жақыповаға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ Б. Нұрымбетов

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ Т. Жақсылықов

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік  
даму министрінің міндетін  
атқарушының  
2015 жылғы 27 шілдедегі № 623  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 шілдедегі № 585  
бірлескен бұйрығымен бекітілген

## **Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" 2015 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азық-түлік себеті – ғылыми негізделген тұтыну нормалары бойынша адамның физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті тамақ өнімдерінің ең төмен жиынтығы;

2) ең төмен күнкөріс деңгейі – бұл ең төмен тұтыну себетінің құнына тең келетін, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

3) ең төмен тұтыну себеті – адамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге қажетті тамақ өнімдерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құны түріндегі ең төмен жиынтығы;

4) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ведомствосы – өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## 2. Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу тәртібі

3. Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ең қажетті азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелген үлесіне көбейтілген азық-түлік себетінің құнына қарай есептейді.

4. Ең төмен күнкөріс деңгейі жалпы республика, облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандар және облыстық маңызы бар қалалар бойынша орта есеппен жан басына шаққанда және негізгі жыныстық-жас топтары бойынша есептеледі.

5. Облыс бойынша орташа ең төмен күнкөріс деңгейі облыс орталығы, аудан орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар бойынша қалыптасқан шамаларға қарай, оларды өлшемдеу жолымен, республика бойынша - облыстар, астана және республикалық маңызы бар қала бойынша айқындалады.

6. Астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан орталықтары және облыстық маңызы бар қалалар бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын (ЕТКДШ) есептеу азық-түлік себетінің құны (АСҚ) мен азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың (АЕТҚ) құнын жинақтау жолымен мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{ЕТКДШ} = \text{АСҚ} + \text{АЕТҚ}$$

7. Ең төмен күнкөріс деңгейі осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес мынадай жыныстық-жас топтары бойынша есептеледі:

1) балалар, жасы:

1 жасқа дейін;

1-3;

4-6;

7-10;

11-13;

2) жасөспірім ұлдар мен ерлер, жасы:

14-тен 17-ге дейін;

18-29;

30-62;

63-тен жоғары;

3) жасөспірім қыздар мен әйелдер, жасы:

14-тен 17-ге дейін;

18-29;

30-58;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30-58,5;  
2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30-59;  
2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30-59,5;  
2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30-60;  
2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30-60,5;  
2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30-61;  
2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30-61,5;  
2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30-62;  
58,5-ден жоғары;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59-ден жоғары;  
2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5-тен жоғары;  
2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60-тан жоғары;  
2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5-тен жоғары;  
2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61-ден жоғары;  
2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5-тен жоғары;  
2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62-ден жоғары;  
2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5-тен жоғары;  
2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63-тен жоғары.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.09.2017 № 296 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.10.2017 № 354 бірлескен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

8. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын ай сайын - бір ай бұрын, тоқсанның (жылдың) соңғы айында – бір тоқсан (жыл) бұрын жүргізеді және оны халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органы әр айдың 30-күні осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша жыныстық-жас және әлеуметтік-демографиялық топтар бойынша және орта есеппен жан басына шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасына енетін тауардың құны" кестелері түрінде ұсынады.

9. Азық-түлік себетін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары бойынша есептеп шығарады.

10. АСҚ халықтың әртүрлі жыныстық-жас топтарына арналған азық-түлік себетіне кіретін ( $g_{ip}$  –  $n$  жыныстық-жас немесе әлеуметтік топтың бір жылда  $i$  өнімді тұтынудың ең төмен шамасы) тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын ағымдағы айдағы жағдай бойынша республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, облыс және аудан орталықтарындағы орташа бөлшек сауда бағасына ( $p_i$  –  $i$  тамақ өніміне орташа бөлшек сауда бағасы) көбейту жолымен мынадай формула бойынша есептеледі:

$$АСҚ = \sum \left( \frac{p_1 * q_{1n}}{12} + \frac{p_2 * q_{2n}}{12} + \dots + \frac{p_{3n} * q_{3n}}{12} \right)$$

11. Өңірде нақты бір тауардың бағасы туралы мәліметтер болмаған кезде, азық-түлік себетінің құны осы тауардың республика бойынша орташа бөлшек сауда бағасы ескеріле отырып айқындалады.

12. Қазақстан Республикасының әртүрлі әлеуметтік және жыныстық-жас топтарына арналған азық-түлік себетінің құрылымы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14674 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 503 бұйрық) бекітілген тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларының 8, 9 және 10-бөлімдерінде көрсетілген.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.09.2017 № 296 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.10.2017 № 354 бірлескен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

13. Қазақстан Республикасы халқының әртүрлі әлеуметтік және жыныстық-жас топтары үшін азық-түлік себетіне енгізілген тамақ өнімдерінің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы № 503 бұйрықпен бекітілген тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларының 11, 12 және 13-бөлімдерінде көрсетілген.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.09.2017 № 296 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.10.2017 № 354 бірлескен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

14. АЕТШ құны АСҚ-ны азық-түлік тауарларына жұмсалатын шығыстардың АТШ үлесіне бөлу және қажетті азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелген үлесіне (АТҮ) көбейту жолымен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$АЕТШ = (АСҚ; АТШ) \times АТҮ$$

Бұл ретте, АТШ мынадай формула бойынша айқындалады:

$$АТШ-100-АТҮ$$

Ең төмен күнкөріс деңгейінің  
шамасын есептеу қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

**Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша жыныстық-жас және әлеуметтік-демографиялық топтар бойынша және орта есеппен жан**









Бірінші сорт бидай ұны								
Ұнтақ жарма								
Сұлы жармасы								
Қаракұмық жармасы								
Қара бидай наны								
Қара нан								
Бірінші сорт ұнынан бидай наны								
Макарон өнімдері								
Сиыр еті								
Шошқа еті								
Қой еті								
Тауық еті								
Жылқы еті								
Сиыр бауыры								
Пісірілген шұжық								
Жаңа ауланған балық								
Сүт, литр								
Майлылығы 20% қаймақ								

### Кестенің жалғасы

Орта есеппен жан басына шаққанда								
Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана қаласы	Алматы қаласы

Орта есеппен жан басына шаққанда								
Қазақстан Республикасы	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	

Ірімшік								
Қатты мэйек ірімшігі								
Жұмыртқа, оны								
Тұздалмаған сары май								
Маргарин								
Шекілдеуік майы								
Алма								
Жүзім								
Қарбыз								
Кептірілген жеміс-жидектер (өрік қағы)								
Аққаданды кырыққабат								
Түйнекті пияз								
Асханалық қызылша								
Сәбіз								
Жас кияр								
Жас қызанақ								
Картоп								
Аршылған бұршак								
Құм-шекер								
Дәмдеуіштер								
Тұз								
Майонез								
Ашытқы								
Шай								
Азық-түлік жиынтығы								

Азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызметтер								
---	--	--	--	--	--	--	--	--

### Кестенің жалғасы

Орта есеппен жан басына шаққанда								
Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана қаласы	Алматы қаласы

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу қағидаларына  
2-қосымша

### Қазақстан Республикасының әртүрлі әлеуметтік топтары үшін негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төмен нормалары (килограмм/жылына) (Азық-түлік себетінің құрылымы)

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.09.2017 № 296 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.10.2017 № 354 бірлескен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу қағидаларына  
3-қосымша

### Қазақстан Республикасының ерлері мен әйелдерінің әртүрлі жас топтары үшін негізгі тағамдық азықтарды тұтынудың ең төмен нормалары

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.09.2017 № 296 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.10.2017 № 354 бірлескен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу қағидаларына  
4-қосымша

### Қазақстан Республикасы халқының әртүрлі әлеуметтік топтары үшін азық-түлік себетіне енгізілген тамақ өнімдерінің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.09.2017 № 296 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.10.2017 № 354 бірлескен

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Ең төмен күнкөріс деңгейінің  
шамасын есептеу қағидаларына  
5-қосымша

**Қазақстан Республикасы халқының ерлері және әйелдерінің  
өртүрлі жас топтары үшін азық-түлік себетіне енгізілген тамақ  
өнімдерінің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы**

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 07.09.2017 № 296 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.10.2017 № 354 бірлескен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК